

# **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ**

**2017 ж. 4-тоқсанындағы**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА**

**ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ**

**Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу**


2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша депозиттерге кепілдік беру жүйесіне «Ислам Банкі «Al-Hilal» АҚ и «Ислам банкі «Заман-Банк» АҚ екі ислам банкінен басқа екінші деңгейлі 30 банк кіреді.

2017 жылдың 02 қарашасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының № 194 қаулысына сәйкес «Delta Bank» АҚ-ның банктік және өзге операцияларды жүргізуге берген лицензиядан 2017 жылғы 3 қарашадан бастап айыру туралы шешім қабылданды. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабының 2 тармағына сәйкес өкілетті ұйым қатысушы банкті банктік және өзге операцияларды жүргізуге берген лицензиядан айырған кезде осындай лицензиядан айыру туралы шешімнің күшіне енген күнінен бастап қатысушы банк депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылады. Осылайша, «Delta Bank» АҚ 2017 жылдың 03 қарашасынан бастап депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылды.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кепілдік беру жүйесіндегі қатысушы-банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 8,2 трлн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың төртінші тоқсанындағы өзгерісі +8,5 млрд. теңгені немесе +0,1%-ті құрады.


Есепті тоқсанда жеке тұлғалар депозиттері үлесі бойынша көшбасшылар үштігіне алдыңғы тоқсандағыдай *Халық банкі, Казкоммерцбанк* пен *Kaspi Bank* кірді, олардың үлестері сәйкесінше 19,9%, 17,0% және 10,6% құрап отыр (1-диаграмма).

*1-диаграмма. Үштік және де басқа банктердегі жеке тұлғалар депозиттері*




Халық салымдарының валюталық құрылымына келсек, есептік тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өзгерісі +393,3 млрд. теңгені немесе 11,2%-ті, шетел валютасында –384,8 млрд. теңгені немесе -8,2%-ті құрады. 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері 52,4% (4,3 трлн. теңге), ұлттық валютада 47,6% (3,9 трлн. теңгені) құрады. (2 және 3-диаграммалар).

*2-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы*




3-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының құрылымының өзгеру динамикасы (трлн.теңге)



Жалпы алғанда Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономиканы доллардан арылту саясаты соның ішінде шетел валютасында орналастырылған депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендетіп, ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуы және олардың өтемақысын 10 миллион теңгеге көтеру шараларының тиімділігі айқындалып келеді.

Қатысушы банктердің депозиттері жиынтық қоржынындағы жалпы үлесі 86,4% немесе 7,1 трлн. теңге болатын мерзімді салымдардан, үлесі 5,9% немесе 0,5 трлн. теңге болатын ағымдық шоттардан, үлесі 4,3% немесе 0,4 трлн. теңге болатын карт-шоттардағы қалдықтардан және үлесі 3,1% немесе 0,3 трлн. теңге болатын шартты салымдардан, сондай-ақ жалпы үлесі 0,2% немесе 0,02 трлн. теңге болатын талап етілгенге дейінгі салымдардан тұрады. (4-диаграмма).

4 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



**Мерзімді салымдардың** алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда есептік тоқсанда -96,2 млрд. теңгеге немесе -1,3%-ке қысқарғаны байқалды. Аталған қысқару шетел валютасындағы салымдардың жылыстауына байланысты болды. Есептік тоқсанда ұлттық валютадағы мерзімді салымдардың үлесі 43,3%-ті (немесе 3,1 трлн. теңгені), ал шетел валютасындағы салымдардың үлесі 56,7%-ті (немесе 4,0 трлн. теңгені) құрады.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мерзімді салымдардың мерзімдік құрылымында мерзімі 12 айдан жоғары салымдар көбірек - 72% немесе 5 114,1 млрд. теңге.

Мерзімі 12 айға дейінгі салымдар 27,1%-ті немесе 1 925,6 млрд. теңгені құрайды. Өз кезегінде мерзімі 6 айға дейінгі және 3 айға дейінгі мерзімді салымдар үлесі салымдардың мерзімдік құрылымында ең кіші болып табылады - 0,5% және 0,4% немесе 38,3 млрд. теңге және 25,0 млрд. теңге, сәйкесінше (Кесте 1).

**Кесте 1. 01.01.2018ж. жағдай бойынша мерзімді салымдардың мерзімдік құрылымы**

Келесі мерзімдегі мерзімді салымдар	Көлемі, млрд. теңге	Үлесі, %
3 айға дейінгі	25,0	0,4%
6 айға дейінгі	38,3	0,5%
12 айға дейінгі	1 925,6	27,1%
12 айдан жоғары	5 114,1	72,0%
Барлығы	7 103,1	100,0%

4-ші тоқсан нәтижесі бойынша **шартты салымдардың** үлесі 5,3%-ке ұлғайды (немесе 12,7 млрд. теңгеге). Аталған ұлғаю ұлттық валютадағы салымдардың құйылымына байланысты болды. Есептік тоқсанда теңгедегі шартты салымдардың үлесі 71,7%-ті (немесе 182,9 млрд. теңгені), ал шетел валютасындағы шартты салымдардың үлесі 28,3%-ті (немесе 72,2 млрд. теңгені) құрады.

**Талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі -6,8 млрд. теңгені немесе -25,2%-ті құрады және ол шетел валютасындағы талап етілгенге дейінгі салымдардың айтарлықтай жылыстауына байланысты - 7,6 млрд.теңге немесе -36,5%. 4-ші тоқсан нәтижесі бойынша көп көлемдегі жылыстауға қарамастан шетел валютасындағы талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі жоғары болып қалуда - 66,3% (немесе 13,3 млрд.теңге), теңгедегі талап етілгенге дейінгі салымдардың үлесі 33,7%-ті (немесе 6,8 млрд.теңгені) құрады.

Есептік тоқсанда **ағымдық шоттардағы жиынтық қалдықтарда** оң өзгерістер байқалды және ол 42,3 млрд. теңге немесе 9,5%-ке тең, соның ішінде ағымдық шоттардағы теңге бойынша ақшаның оң өзгерісі 50,4 млрд. теңгені құрады, ал ағымдық шоттардағы шетел валютасындағы ақша көлемі 8,1 млрд. теңгеге азайғаны байқалды.

Сонымен қатар, есептік тоқсанда **карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарда** да сомасы 56,5 млрд.теңге немесе 18,8%-ке тең оң өзгерістер орын алды. Бұл теңге бойынша карт-шоттардағы ақшаның 56,6 млрд. теңгеге ұлғаюына және карт-шоттардағы шетел валютасындағы ақша көлемінің 0,7 млрд. теңгеге азаюына байланысты.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері бойынша Қор төлеуге тиісті өтелім сомасы (қатысушы-банктің салымшыға қарсы талаптарын есепке алғанда) 3,4 трлн. теңгені құрады. Есептік күнге Қордың арнайы қоры жарғылық капиталдың есебінсіз 459,1 млрд. теңгені құрады. Қажет болып жатқан жағдайда арнайы қордың тапшылығын толықтыру мақсатында Акционер шешімімен Қор жарғылық капиталдың 70%-тін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол 568,6 млрд. теңгеге жетеді, немесе өтелуге тиісті жинақы соманың 16,9% және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымдарының 6,9%-ін құрайды.

Қордың **Наурыз Банкі** бойынша төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 679,6 млн. теңгені, ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша (18,4 млрд.теңге қосымша өтемді қоса есептегенде) 17,9 млрд. теңгені құрады.

2015 жылдың шілдесінде «Жеке меншік құқығын қорғау, келісім бойынша міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзу жағдайларында міндеттемелерді қатайту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы кей заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты

2007 жылы жабылған *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына қосымша өтем төлене бастады. *Валют-Транзит Банкіндегі* салымдары 700 мың теңгеден асатын салымшыларға Қор депозит бойынша қалдығы сыйақыны есептемегенде қосымша бес миллионнан аспайтын қосымша өтем төлеуге тиіс.

2015 жылдың 10 тамызынан 2016 жылдың 10 тамызына дейін Қор қосымша өтемді Банк Центр Кредиттің бөлімшелері арқылы жүзеге асырды. Міндеттемелердің жалпы сомасы 4,25 млрд. теңгені құрады.

2016 жылдың 10 тамызынан кейін *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына қосымша өтемді салымшыға тиесілі қаражатты салымшының өтінішінде көрсетілген банк шотына Қор өз тарапынан жүзеге асыруда.

2018 жылдың 1 қаңтарына сәйкес 4 409 салымшы (4 995-тен) жалпы сомасы 4,01 млрд. теңгені құрайтын өтем алды, ол бар міндеттемелердің 94,0% құрады.

**2018 жылдың 1 қаңтарына сәйкес  
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы**

№ п/п	Аталуы	Шоттардың саны	Сомасы (мың теңге)
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	46 440 608	8 221 219 035
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	4 689 774	20 035 126
1.1.	<i>теңгемен</i>	4 612 741	6 752 558
	1 млн. теңгеден аспайтын	4 612 042	5 394 096
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	645	1 037 540
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	36	138 853
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	12	79 629
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	4	57 986
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	2	44 454
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	0	0
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	77 033	13 282 568
	1 млн. теңгеден аспайтын	75 904	818 644
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	488	858 061
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	262	1 008 218
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	234	1 658 255
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	80	1 093 506
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	44	1 336 637
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	18	1 486 001
	500 млн. теңгеден жоғары	3	5 023 246
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	168	4 778 585
2.	Мерзімді салымдар, оның ішінде:	4 155 096	7 103 116 705
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	3 414 856	3 075 079 372
2.1.1.	Мерзімі 3 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	55 773	13 739 282
	1 млн. теңгеден аспайтын	52 977	2 870 408
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	1 779	2 919 949
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	446	1 687 754
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	414	2 855 166
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	122	1 527 133
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	27	759 370
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	8	1 119 502
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
2.1.2.	Мерзімі 6 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	32 726	18 403 377
	1 млн. теңгеден аспайтын	28 849	3 051 659
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	2 475	4 031 518
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	634	2 393 796
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	558	3 814 370
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	156	1 994 369
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	32	885 882
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	22	2 231 783
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
2.1.3.	Мерзімі 12 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	1 139 749	1 068 404 372
	1 млн. теңгеден аспайтын	917 563	143 008 063
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	149 271	245 519 821
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	34 120	129 703 654
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	26 672	184 038 796
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	8 699	110 326 262
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	2 449	70 796 451
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	922	107 407 881

	500 млн. теңгеден жоғары	53	77 603 444
2.1.4.	Мерзімі 12 айдан жоғары салымдар, оның ішінде:	2 186 608	1 974 532 341
	1 млн. теңгеден аспайтын	1 837 169	235 095 955
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	225 217	379 450 962
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	54 926	209 733 210
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	45 315	316 442 678
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	16 046	205 435 664
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	5 328	157 791 458
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	2 461	289 000 644
	500 млн. теңгеден жоғары	146	181 581 770
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	740 240	4 028 037 333
2.2.1.	Мерзімі 3 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	4 814	11 302 098
	1 млн. теңгеден аспайтын	3 246	585 895
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	718	1 290 910
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	355	1 371 057
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	262	1 787 421
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	136	1 870 350
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	76	2 394 241
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	21	2 002 224
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
2.2.2.	Мерзімі 6 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	9 684	19 910 501
	1 млн. теңгеден аспайтын	6 391	1 308 199
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	1 665	2 967 052
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	717	2 780 503
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	559	3 903 489
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	243	3 418 055
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	81	2 306 347
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	28	3 226 856
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
2.2.3.	Мерзімі 12 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	261 629	857 226 757
	1 млн. теңгеден аспайтын	152 415	34 423 066
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	52 242	92 958 618
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	25 323	97 909 311
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	18 585	127 121 139
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	7 980	109 018 717
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	3 418	103 178 047
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	1 585	188 914 917
	500 млн. теңгеден жоғары	81	103 702 942
2.2.4.	Мерзімі 12 айдан жоғары салымдар, оның ішінде:	464 113	3 139 597 977
	1 млн. теңгеден аспайтын	299 328	45 688 965
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	66 549	119 903 706
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	38 770	152 247 206
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	29 597	202 566 822
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	14 751	204 935 606
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	8 610	263 637 233
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	5 898	784 562 191
	500 млн. теңгеден жоғары	610	1 366 056 248
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді салымдар	2 776	402 105 068
3.	Шартты салымдар, оның ішінде:	152 310	255 124 320
3.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	61 295	182 927 364
	1 млн. теңгеден аспайтын	25 821	3 616 145
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	14 218	28 666 569
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	10 317	39 508 070
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	8 591	58 138 643
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	2 015	25 401 026
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	215	6 039 264
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	112	15 943 877
	500 млн. теңгеден жоғары	6	5 613 770
3.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	91 015	72 196 956

	1 млн. теңгеден аспайтын	90 414	164 450
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	118	205 191
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	89	344 196
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	99	723 411
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	72	1 035 932
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	82	2 763 085
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	116	20 535 548
	500 млн. теңгеден жоғары	25	46 425 143
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі шартты салымдар	44	10 294 654
4.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары оның ішінде:	19 913 239	485 503 852
4.1.	<i>теңгемен</i>	18 709 092	332 938 672
	1 млн. теңгеден аспайтын	18 656 166	156 257 726
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	39 828	64 871 574
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	6 419	24 422 366
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	4 162	28 191 660
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	1 696	22 981 211
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	653	19 012 024
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	165	16 101 604
	500 млн. теңгеден жоғары	3	1 100 507
4.2.	<i>шетел валютасымен</i>	1 204 147	152 565 180
	1 млн. теңгеден аспайтын	1 187 218	14 852 649
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	9 470	16 367 204
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	3 073	11 727 829
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	2 365	16 492 087
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	1 197	16 687 249
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	599	18 035 120
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	209	23 144 776
	500 млн. теңгеден жоғары	16	35 258 266
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары	4 264	22 977 177
5.	Қарт-шоттағы ақша қалдықтары оның ішінде:	17 530 189	357 439 032
5.1.	<i>теңгемен</i>	17 278 043	312 257 485
	1 млн. теңгеден аспайтын	17 236 498	211 507 215
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	34 270	53 123 008
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	3 965	14 933 503
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	2 429	16 550 119
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	659	8 688 212
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	197	5 555 448
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	25	1 899 980
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
5.2.	<i>шетел валютасымен</i>	252 146	45 181 547
	1 млн. теңгеден аспайтын	243 973	8 428 564
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	5 034	8 552 923
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	1 474	5 615 716
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	1 026	7 107 033
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	431	5 843 797
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	162	4 795 887
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	46	4 837 627
	500 млн. теңгеден жоғары	0	0
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі карт-шоттағы қалдықтары	3 156	1 966 019